

**2014 - 2016 жылдарға арналған конкурстан тыс рәсімдер арқылы
бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 16 сәуірдегі № 357 қаулысы

"Ғылым туралы" 2011 жылғы 18 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес ғылыми-техникалық бағдарламалар бойынша республикалық бюджеттен бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру 2014 - 2016 жылдарға арналған конкурстан тыс рәсімдер арқылы жүзеге асырылады деп белгіленсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К.Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 4

ж ы л ғ ы

1 6

с ә у і р д е г і

№

3 5 7

қ а у л ы с ы н а

қосымша

**Бағдарламалық-нысаналы қаржыландырылуы тыс рәсімдер арқылы
республикалық бюджеттен жүзеге асырылатын ғылыми-техникалық
бағдарламалар**

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі:
денсаулық сақтау саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер:

- 1) экологиялық қауіптер және халық денсаулығы;
- 2) балалар денсаулығын және ұрпақты болу денсаулығын сақтаудың жаңа технологияларын әзірлеу;
- 3) Арал маңы тұрғындарының денсаулық жағдайын басқарудағы кешенді тәсілдер.